

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 05 желтоқсандағы N 23-3 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментімен 2014 жылды 10 қаңтарда N 2554 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 мамырдағы № 31-7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының
05.05.2014 № 31-7 шешімімен.
РҚАО ескертпесі.**

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" N 504 қаулысына сәйкес, Алакөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Алакөл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Әлеуметтік даму және депутаттық өкілеттілік жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен *тыс* *ХХIII*
сессиясының төрағасы *Катықбаев К.А.*
хатшысы *Аудандық* *мәслихаттың*
КЕЛІСІЛДІ: *Сейрбаев Б.Т.*

"Алакөл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

мекемесінің басшысы
05 желтоқсан 2013 жыл

бөлімі " мемлекеттік
Қосантаева Ләззат Сейітәшімқызы

2013	жылғы	05	желтоқсандары
Алакөл	аудандық		мәслихатының
"Әлеуметтік	көмек		көрсетудің,
оның	мөлшерлерін		белгілеудің
және	мұқтаж		азаматтардың
жекелеген	санаттарының		тізбесін
айқындаудың	Қағидаларын		бекіту
туралы" N 23-3 шешіміне қосымша			

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді .

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша респубикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімнің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Алматы облысының статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік
мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы –
отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қызын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде
бұзатын, ол оны өз бетінше еңсерे алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын,
әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын Алакөл ауданының халықты
әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;

8) уәкілетті үйым – "Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы" республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың
(отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар
дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен
құралатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті
атқарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі –
алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер
мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек
түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға
теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау
туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында
және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005
жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген
адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын,
жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

6. Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке
күндердің тізбесі:

1) 15 ақпан – Ауғаныстаннан кеңес әскерін шығарған күні;

2) 26 сәуір - Чернобыль апатының күні;

3) 9 мамыр – Жеңіс күні;

4) 1 қазан – Қарттар күні;

5) қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасы мүгедектерінің күні.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Әлеуметтік көмек атаулы күндер мен мерекелік күндерге, біржолы, табыстарын есепке алмай көрсетіледі.

8. Әлеуметтік көмек алушылардың санатының тізбесі және шекті мөлшерлері :

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 27 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар – 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

3) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар - 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттары - 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

5) жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және ең төменгі мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлерге - 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін ;

6) мүгедектерге, оның ішінде 18 жасқа дейін мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған адамдар - 8 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

7) көп балалы отбасылар - 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

8) өмірлік қызын жағдайда қалған балаларға, оның ішінде жетім балаға (жетім балаларға), бала (балалар) - 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

9) аз қамтамасыз етілген азаматтар - 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне д е й і н ;

10) әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын азаматтар (онкологиялық аурулармен ауыратындарға, АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) және туберкулезben ауыратындарға) - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

11) әлеуметтік көмекке тағайындау үшін өтініш білдірген жастар (студенттер) отбасының жанбасына шаққандағы табысы облыс бойынша белгіленген күнкөріс деңгейі өткен тоқсаннан аспағанда. Қажетті мамандықтар тізбесіне сәйкес, табыстарын санамағанда облыстық бюджет қаражаты есебінен білім мекемелерінде жоғары, арнайы-орта білім алатын, оқуды жалғастырып жатқан жастарға (студенттерге) шығысты өтеуге, нақты шығындарын төлеу үшін - 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

12) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мұлкіне зиян келтірілгенде отбасына табыстарын есепке алмай, біржолы - 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ай сайынғы әлеуметтік көмек табыс көзін есептемегенде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне төленетін коммуналдық қызмет шығындарына, көмір шығындарына, байланыс қызметіне (абоненттік төлем) З айлық көрсеткіш мөлшерінде бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асыралады.

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін азаматтар уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне бір ай мерзімде өтініш білдіруі керек.

Азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіздеме болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) облыс бойынша ең төмен күнкөріс деңгейіне бір еселік қатынаста шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде әлеуметтік көмек алушылардың санатының тізбесін басшылыққа а л а д ы .

9. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Алматы облысының жергілікті атқарушы органдың келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

10. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

11. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті ұйым не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

12. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;
2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" N 504 қаулысының 1-қосымшасына сәйкес адамның

(отбасының) құрамы туралы мәліметтерді (бұдан әрі - Үлгілік қағида);

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын құжатты және/немесе актіні .

13. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтада.

14. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекі комиссияға жібереді.

15. Участекі комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағиданың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі участекі комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

16. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

17. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

18. Уәкілетті орган участекі комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

19. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мәлшерін көрсетеді.

20. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту

Осы Қағиданың 15 және 16-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған құннен бастап жиырма жұмыс құні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Уәкілетті орган шешім қабылдаған құннен бастап үш жұмыс құні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негізdemесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

22. Белгіленген негізdemелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

23. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

24. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру жергілікті бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырады.

25. Әлеуметтік көмекті төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың банктік шотына ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemелер

26. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеңекен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

27. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

28. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

29. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК